

Кенжеғали Әбенұлы САҒАДИЕВ 1938 жылдың 18 ақпанында Қостанай облысы Жанкелдин ауданында дүниеге келді. 1955 жылы Семиозер орта мектебін (қазіргі Әулікөлдегі Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп), 1960 жылы – С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университеті) экономикалық факультетін бітірді.

К.Ә.Сағадиев еңбек жолын ҚазМУ-дың халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасының ассистенті лауазымынан бастап, кейін аға оқытушы болып жұмыс істеді.

Кенжеғали Әбенұлы Алматы халық шаруашылығы институтының (қазіргі Қазақстанның таңдаулы ЖОО-ның бірі – Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті) бастама көтерушісі және ұйымдастырушыларының бірі болды.

К.Ә.Сағадиев әр жылдарда Целиноград ауыл шаруашылығы институтын (қазіргі С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті), Қазақ мемлекеттік экономикалық университетін басқарды, Халықаралық бизнес университетінің президенті болып сайланды. Оның бастамасымен 80-ші жылдардың ортасында Целиноградта бүкілодақтық маңызы бар ауыл шаруашылығының биотехнологиялық орталығы құрылды.

1994 жылы еліміздің ғылыми зиялылары К.Ә.Сағадиевті Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының президенті етіп сайлады.

К.Сағадиев «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының мүшесі ретінде партиялық тізім бойынша екі рет Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 3-ші және 4-ші шақырылымдарының депутаты болып сайланды, Парламент Мәжілісінің бюджет және қаржы Комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді. Осы кезеңде еліміздің бюджеттік жүйесінің тұрақтылығын арттыруда және жетілдіруде көп күш-жігерін жұмсады.

К.Ә.Сағадиевтің агроөнеркәсіп саласында шаруашылықты жүргізу механизмін жетілдіру проблемаларына, әсіресе аграрлық сектордағы шаруашылықты жүргізу әдістеріне көшу, осы салаларда менеджментті жетілдіру жолдары және республикадағы аграрлық-өнеркәсіптік интеграцияны тереңдетуге байланысты зерттеу жұмыстары жемісті болып табылды.

К.Ә.Сағадиев – Қазақстанның техникасы мен ғылымына еңбегі сіңген қызметкер. Ол Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Парасат», II дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталды.

К.Ә.Сағадиевке «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы Қостанай облыстық мәслихаты сессиясының 2013 жылғы 15 тамыздағы № 189 шешімімен берілді.

САҒАДИЕВ Кенжеғали Абенович родился 18 февраля 1938 года в Джангельдинском районе Кустанайской области. В 1955 году закончил Семиозерную среднюю школу (ныне Аулиекольская СШ им. Ш.Уалиханова), в 1960 году - экономический факультет Казахского государственного университета им. С.М.Кирова (ныне Казахский государственный национальный университет имени Аль-Фараби).

Трудовую деятельность К.А.Сағадиев начал с должности ассистента кафедры планирования народного хозяйства КазГУ, где впоследствии работал старшим преподавателем.

Кенжеғали Абенович был в числе инициаторов и первых организаторов Алматинского института народного хозяйства (ныне Казахский экономический университет им. Т.Рыскулова - один из престижнейших ВУЗов Казахстана).

В разные годы Сағадиев К.А. возглавлял Целиноградский сельскохозяйственный институт (ныне Казахский государственный агротехнический университет им. С.Сейфулина), Казахский государственный экономический университет, избирался президентом Университета международного бизнеса. Именно по его инициативе в середине 80-х гг. в Целинограде был создан сельскохозяйственный биотехнологический центр всесоюзного значения.

В 1994 году научная интеллигенция страны избрала Сағадиева К.А. Президентом Национальной Академии наук Республики Казахстан.

Как член Народно-Демократической партии «Нур Отан» Сағадиев К.А. дважды по партийному списку избирался депутатом Мажилиса Парламента Республики Казахстан 3-го и 4-го созывов, работал Председателем Комитета по бюджету и финансам Мажилиса Парламента 3-го созыва. В этот период приложил много усилий для повышения устойчивости и совершенствования бюджетной системы страны.

Плодотворными оказались исследования Сағадиева К.А., связанные с проблемами совершенствования механизма хозяйствования в агропромышленной отрасли, и прежде всего перехода на новые методы хозяйствования в аграрном секторе, пути совершенствования менеджмента в этих отраслях и углубления аграрно-промышленной интеграции в республике.

Сағадиев К.А. – заслуженный работник науки и техники Казахстана, награжден орденами Трудового Красного Знамени, Дружбы народов, «Парасат», «Барыс» II степени.

Звание «Почетный гражданин Костанайской области» присвоено Сағадиеву К.А. решением № 189 сессии Костанайского областного маслихата 15 августа 2013 года.

